

Занәділұлы Нөсербек¹

Тарих ғылымдарының магистрі, Қожа Ахмет Яссауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан Республикасы, 161200, Түркістан қаласы, Бекзат Саттарханов даңғылы, 29
nosserbek.zangadilulu@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0009-0007-3082-8916

Сайфунов Бауыржан*²

Философия докторы (PhD), Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті,
Қазақстан Республикасы, 161200, Түркістан қаласы, Бекзат Саттарханов даңғылы, 29
bauyrzhan.saifunov@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0000-0001-8707-7075

**ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨРКЕНИЕТТІК КӨПІР РЕТІНДЕГІ
РӨЛІ**

Аңдатпа. Бұл мақалада Ұлы Жібек жолының тарихи қалыптасуы, даму кезеңдері және оның Қазақстан аумағындағы орны жан-жақты қарастырылады. Ежелгі Қытай жазба деректеріне сүйене отырып, Жібек жолының тек сауда қатынастарын дамыту құралы ғана емес, сондай-ақ Батыс пен Шығыс өркениеттерінің мәдени және экономикалық ықпалдасуының маңызды көпірі болғаны ғылыми негізде дәлелденеді. Қазақстан аумағының бұл тарихи жолдағы стратегиялық маңызы сараланып, оның халықаралық байланыстар жүйесіндегі рөлі талданады. Ғұндар, Үйсіндер, Түрік қағанаты, Алтын Орда және басқа да ірі мемлекеттердің Ұлы Жібек жолының қызмет етуіне тигізген ықпалы сипатталады. Сонымен қатар, мақалада заманауи геосаяси және экономикалық процестер аясында Қазақстанның Жібек жолын қайта жаңғыртудағы рөлі қарастырылады. Бұл тұрғыда «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы мен Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасының өзара сабақтастығы мен ықпалдасуы жан-жақты талданады. Зерттеу барысында тарихи-хронологиялық әдіс арқылы Ұлы Жібек жолының қалыптасу кезеңдері жүйелі түрде зерделенді. Компаративті талдау тәсілі негізінде Қазақстан мен Қытай дереккөздеріндегі мәліметтер салыстырылып, олардың ортақ тұстары мен айырмашылықтары айқындалады. Сонымен қатар, құрылымдық-функционалдық талдау әдісі қолданылып, Ұлы Жібек жолының экономикалық, мәдени және саяси аспектілерінің өзара байланысы мен тарихи эволюциясы қарастырылады.

Кілт сөздер. Ғұндар, Түрік қағанаты, Алтын орда, Юан патшалығы, Ұлы жібек жолы, Нұрлы жол, «Бір белдеу, бір жол».

Кіріспе. Адамзат тарихында мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы өзара байланыстарды нығайтқан маңызды факторлардың бірі – Ұлы Жібек жолы болды. Ол ежелгі дәуірден бастап орта ғасырлар мен жаңа заманға дейін әлемдік сауданың, мәдени, экономикалық және саяси байланыстардың негізгі артериясы қызметін атқарды. Бұл тарихи жол Еуразияның кең аумағын қамтып, Қытайдан бастап Орта Азия, Қазақстан, Иран, Таяу Шығыс пен Еуропаға дейінгі кеңістікті бір-бірімен байланыстырып жатты. Археологиялық зерттеулер, тарихи құжаттар мен жазба деректер Ұлы Жібек жолының тек сауда маршруты ғана емес, өркениеттер арасындағы диалог алаңы болғанын дәлелдейді.

Қазақстан аумағы Ұлы Жібек жолының маңызды торабы ретінде ерекше рөл атқарды. Географиялық орналасуының тиімділігіне байланысты бұл өңір Еуразияның түкпір-түкпірінен келетін сауда керуендерінің тоғысатын орталығы болды. Ежелгі және ортағасырлық Қазақстан жеріндегі қалалар – Тараз, Испиджаб (Сайрам), Отырар, Сауран, Ясы (Түркістан), Баласағұн және басқа да шаһарлар сауда мен мәдени алмасудың басты орталықтарына айналды. Жібек жолы арқылы тек тауарлар ғана емес, идеялар, діни наным-сенімдер, ғылыми жаңалықтар мен технологиялар да таралды. Ислам, буддизм, христиандық және зороастризм сияқты діндер осы жол арқылы таралып, халықтардың рухани өміріне әсер етті.

Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы. Ұлы Жібек жолының маңызы оның тек экономикалық факторымен шектелмейді. Бұл керуен жолы халықаралық дипломатияның, геосаяси қатынастардың және мәдени ықпалдастықтың басты құралына айналды. Әсіресе, Қазақстан жеріндегі көшпелі және отырықшы өркениеттер арасындағы өзара байланыстардың күшеюіне үлкен ықпал етті. Ғұндар, Үйсіндер, Қаңлылар, Түрік қағанаты, Қарахан мемлекеті, Алтын Орда және Қазақ хандығы секілді ірі мемлекеттік құрылымдар осы жол арқылы өздерінің экономикалық және саяси ықпалын арттырды.

VII-VIII ғасырларда Түрік қағанатының күшеюімен бірге Жібек жолының Қазақстан аумағындағы маңызы одан әрі артты. Түріктер бұл жолды тек сауда байланысы ретінде ғана емес, өздерінің геосаяси мүдделерін жүзеге асыратын негізгі инфрақұрылым ретінде пайдаланды. Қарахан мемлекеті дәуірінде ислам мәдениеті Ұлы Жібек жолы арқылы кеңінен таралып, бұл процесс қалалардың дамуына үлкен серпін берді. Алтын Орда кезеңінде Жібек жолы одан әрі жанданып, Қазақстан арқылы өтетін сауда бағыттары кеңейе түсті. Сарайшық, Отырар, Сауран, Сығанақ сияқты қалалар халықаралық сауданың маңызды орталықтарына айналды.

Ұлы Жібек жолының мәдени ықпалы. Жібек жолы бойындағы қалалар тек сауда орталықтары ғана емес, сонымен қатар ғылым мен білімнің, мәдениет пен өнердің гүлдену аймақтары болды. Отырар кітапханасы ортағасырлық ислам әлеміндегі ең ірі ғылыми орталықтардың бірі саналды. Бұл жерде Әбу Насыр әл-Фараби секілді ұлы ойшылдар білім алып, өз еңбектерін жазды. Сонымен қатар, Ұлы Жібек жолының арқасында Қазақстан аумағында сәулет, қала құрылысы, металлургия, қолөнер, тоқыма және басқа да өнер түрлері қарқынды дамыды. Жібек жолының мәдени ықпалы тек материалдық құндылықтармен ғана шектелмеді. Бұл жол арқылы халықтар арасындағы рухани байланыстар да нығайды. Буддизм, христиандық, ислам және зороастризм сияқты діни нанымдар осы жол бойымен таралып, әртүрлі мәдениеттер мен өркениеттердің синтезін қалыптастырды. Жібек жолы арқылы тараған діни және философиялық ілімдер халықтардың дүниетанымына үлкен ықпал етті.

Жібек жолының қазіргі маңызы және қайта жаңғыруы. Қазіргі таңда Ұлы Жібек жолының маңызы қайта жанданып, ол экономикалық және геосаяси жобалар арқылы жаңғыруда. Қазақстанның «Нұрлы жол» бағдарламасы мен Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасы осы тарихи жолды жаңа деңгейде қайта қалпына келтіруге бағытталған. Бұл бағдарламалар Қазақстанды Еуразиялық экономикалық кеңістіктің логистикалық және транзиттік орталығы ретінде дамытуға мүмкіндік береді. Қазақстан Ұлы Жібек жолының стратегиялық торабында орналасқандықтан, қазіргі экономикалық интеграция үдерістерінде маңызды рөл атқарады. Жаңа транспорттық дәліздер, теміржол және автокөлік инфрақұрылымы еліміздің транзиттік әлеуетін арттырып, Азия мен Еуропа арасындағы негізгі сауда жолдарының біріне айналуда. Бұл фактор Қазақстан экономикасының дамуына үлкен әсер етіп, көлік-логистикалық секторын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында Ұлы Жібек жолының тарихи кезендері, оның Қазақстан жеріндегі даму ерекшеліктері, сауда және мәдени байланыстарға тигізген әсері жан-жақты қарастырылды. Сонымен қатар, Қазақстанның қазіргі экономикалық даму стратегияларымен байланысы талданып, «Нұрлы жол» және «Бір белдеу, бір жол» бағдарламалары аясында Ұлы Жібек жолының қайта жаңғыру мүмкіндіктері көрсетілді. Осы зерттеуде Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы дамуын талдау мақсатында тарихи-хронологиялық әдіс, компаративті талдау әдісі және құрылымдық-функционалдық талдау әдісі қолданылды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу жұмысы Ұлы Жібек жолының тарихи қалыптасуы, оның Қазақстан аумағындағы рөлі және қазіргі заманғы экономикалық интеграциядағы маңызын зерделеуге бағытталған. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін түрлі тарихи дереккөздер мен ғылыми еңбектер негізінде кешенді талдау жасалды. Зерттеу материалдары ретінде қытай дереккөздері, сондай-ақ заманауи ғылыми еңбектер және тарихи құжаттар пайдаланылды.

Зерттеу барысында тарихи деректерді жүйелеу және салыстыру арқылы Жібек жолының мәдени, экономикалық және саяси ықпалы жан-жақты қарастырылды. Зерттеу әдістері ретінде **тарихи-хронологиялық әдіс, компаративті талдау әдісі және құрылымдық-функционалдық талдау әдісі** қолданылды.

Тарихи-хронологиялық әдіс – тарихи зерттеулерде кеңінен қолданылатын әдістердің бірі, ол тарихи оқиғаларды, құбылыстарды және үрдістерді олардың пайда болу ретімен, яғни хронологиялық тәртіппен қарастырады. Бұл әдіс бізге Жібек жолының пайда болуынан бастап, оның өркендеуі мен трансформациясы кезеңдерін уақыттық ретімен қарастыруға мүмкіндік берді. Бұл әдіс арқылы тарихи оқиғалардың бір-бірімен байланысы айқындалып, Жібек жолының әр дәуірдегі даму динамикасы көрсетілді.

Компаративті талдау әдісі – ғылыми зерттеулерде қолданылатын әдістердің бірі, оның негізгі мақсаты – екі немесе одан да көп объектілерді, құбылыстарды, дереккөздерді салыстыру арқылы олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Бұл әдіс Қазақстан мен Қытай дереккөздері негізінде тарихи фактілерді салыстырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға көмектесті. Бұл әдіс Жібек жолы туралы жазба деректердің әртүрлі мәдени-тарихи тұрғыдан сипатталуын салыстырып, объективті қорытындылар жасауға ықпал етті.

Құрылымдық-функционалдық талдау әдісі – зерттелетін объектінің құрылымын (құрамдас бөліктерін) және олардың атқаратын функцияларын анықтауға бағытталған ғылыми әдіс. Бұл әдіс объектінің ішкі жүйелерін, олардың өзара байланысын және әр элементтің қандай рөл атқаратынын талдайды. Аталған әдіс Жібек жолының негізгі құрамдас бөліктерін (сауда жолдары, мәдениет орталықтары, дипломатиялық байланыстар) зерттей отырып, олардың қандай қызмет атқарғанын анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Ұлы Жібек жолының тек сауда жолы ғана емес, өркениеттерді байланыстырушы фактор ретіндегі қызметі айқындалды.

Жоғарыдағы әдістерді кешенді қолдану Ұлы Жібек жолының тарихи және қазіргі заманғы рөлін тереңірек зерделеуге мүмкіндік берді.

Талқылау.

1. Ұлы Жібек Жолы атауы және оның жібекпен байланысы. Ұлы Жібек Жолы атауына арқау болған жібек – арнайы жібек құртынан алынып өңделетін кездеме бұйым. Қытайда жібектің пайда болуы туралы көптеген аңыз-әңгімелер бар. Солардың бірінде, ықылым заманда, Қытайдың батыс адыры (西陵), қазіргі Сы чуан (四川) өлкесіне қарасты таулы мекенде бір кедей отбасында бір қыз дүниеге келеді. Қыз әрі сұлу, әрі адал, әрі еңбекқор болып ержетеді. Ол күн сайын айналадан жабайы жемістер теріп,

отбасына азық тауып келеді. Алайда, біраз уақыттан кейін, маңайдағы барлық жабайы жемістер таусылып, қыз алыстағы жерлерге барып теруге мәжбүр болады. Ол күн сайын үйіне кеш оралып жүреді. Көп ұзамай алыстағы жабайы жемістер де таусылып, отбасының жағдайы нашарлай түседі. Бір күні қыз тұт ағашының түбіне келіп, қатты жылап, қалжырап жатып қалады. Оның жылаған дауысы аспан әлеміне жаңғырып жетеді. Көк тәңірі (玉皇大帝) аштықтан өлімші болып жатқан қызды байқап, Жібекші бикешті (Қытай аңыздарында айтылатын ат басты, адам денелі әйел. Қытайша: 马头娘) жібек құртына айналдырып оған көмекке жібереді. Сол сәтте тұт ағашы жапырағын жеп отырған жібек құрты қыздың аузына жапырақ тастайды. Қыз тұт ағашының ащы-тұщы жапырақтарын жеген соң біраз әлденіп, одан көбірек жинап, әке-шешесіне де жегізеді. Оларды жегеннен кейін әке-шешесі күннен-күнге рухтана бастайды. Күндердің күнінде қыз тұт ағашының жапырағын жеген жібек құртының ерекше әдемі талшық шығаратынын байқайды. Қыз оны қолына алып шайнап көргенде, оның ерекше берік екенін аңғарады. Осыдан кейін ол жібек құрттарының шығарған талшықтарын жинап, әке-шешесінің үстіне жабады. Байқаса, бұл талшықтан жасалған кездеме қыста жылы, жазда салқын екен. Қыз жібек құрттарын жинап, үйіне әкеліп баға бастайды. Жылдар өте келе ол жібек құрттарының талшықтарынан әдемі кездемелер токуды үйренеді. Қыздың жібек кездемелер жасап жатқаны туралы әңгіме бүкіл өңірге тарап, Қытай ұлтының қалыптастырушы арғы аталарының бірі саналатын Хуандиге (皇帝) де жетеді. Хуанди арнайы жарлық шығарып, жібек өндірісі техникасын бүкіл елге таратады. Кейін қызды ханымдыққа алып, оған «Жібек анасы» (先蚕娘娘) деген құрметті атақ береді [1,13].

2. Ұлы Жібек жолының қалыптасу тарихы. Жібек жолының пайда болуы туралы ескі Қытай сүйек жазуларында, Қытайдың ежелгі Шаң патшалығы (商朝) дәуірінде жібек "жібек құртының жібегі (蚕丝)" деп аталған, ал тұт ағашы (桑) "тұт ағашы орманы (桑林)" немесе кейбір жазбаларда "жібек құртының ағашы (蚕桑)" деп те көрсетілген. Бұл кезеңде жібек Қытай қоғамының рухани және шаруашылық өмірінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Сонымен қатар, Шаң патшалығы дәуірінде "жібек перісі" (қытайша: 桑神) ұғымы қалыптасты. Қытай тіліндегі "神 shen" таңбасы "жаратушы, рух, киелі, хикімет, пері" деген мағыналарды береді. Жібекке байланысты бұл киелі тұлға ежелгі Қытай аңыздарында көбінесе әйел кейпінде сипатталғандықтан, "жібек құдайы" деп емес, "жібек перісі" деп атау орынды деп санаймыз. Бұл наным бойынша жібек перісіне арнап құрбандықтар шалынып отырған. Бұл дәстүр жоғардағы Ежелгі Қытай аңызындағы алғашқы жібек анасы (先蚕娘娘) атанған жібекші қыздың бейнесіне тікелей байланысты болуы мүмкін [1,14].

Жібек өндірісі туралы айтар болсақ, шамамен б.э.д. 900 жылдары алғашқы жібек өнімдері қолмен есіліп өңделген. Чин-Хан (秦汉朝) патшалықтары дәуірінде шығырлықты ұршық арқылы өңдеу технологиясы енгізілді. Суң патшалығы (宋朝) дәуірінде жібек өндірісі қарқынды дамып, жібек өңдейтін арнайы цехтар пайда бола бастады [1,74; 2].

Қытайда өңделген жібек бұйымдары алғаш рет Батысқа тасымалданған жол кейінірек Жібек жолы деген атауға ие болды. Жібекпен қатар, Қытайдың фарфор, пышак, компас, қағаз өндірісі және басқа да өнімдері мен технологиялары Орталық Азия, Иран, Рим және басқа елдерге таралды. Сонымен бірге, Орталық Азия мен Батыс елдерінің жүзім, қияр, бұрыш, сарымсақ, шыны, түрлі дәмдеуіштері және осы өнімдерді өндіру технологиялары Қытайға Ұлы Жібек жолы арқылы жеткізілді [3].

Жібек жолы атауын алғаш рет Германиялық ғалымдар Ф.Фон Рихтгофен мен А. Герман XIX ғасырда ұсынған. Бұл жол тарихи маңыздылығы жоғары, түкпірі тереңде жатқан шежіреге ие. Ұлы Жібек жолы – әлемдік өркениет тарихындағы ең елеулі

жетістіктердің бірі саналады. Тарихта Ұлы Жібек жолы Жерорта теңізінен Қытайға дейін бүкіл Еуразияны бойлай өтіп, ежелгі дәуір мен орта ғасырларда Батыс пен Шығыс арасындағы экономикалық және мәдени байланыстарды дамытудың маңызды құралы қызметін атқарды.

Бұл жолдың ең ұзақ бөлігі Қазақстан мен Орталық Азия арқылы өтті. Жібек атымен аталған осы үлкен ортағасырлық стратегиялық жолдың негізгі және маңызды бөлігі ежелден Қазақ даласында болған. Қазақ даласы Жібек жолының тек географиялық өткелі ғана емес, сонымен қатар осы ұлы жолдың қалыптасуы мен дамуының маңызды орталығы болды. Бұл туралы Қытай деректерінде де кеңінен кездеседі [4]. Ұлы Жібек жолы туралы зерттеулер ежелгі Қытай, Орталық Азия, Батыс Азия және тіпті Еуропаның саяси жүйелерінің экономикалық қарым-қатынастарының дамуы, мәдениет алмасулары мен этникалық және діни түсіністіктің терендеуіне ықпал еткенін көрсетеді [1,62;3].

Ұлы Жібек жолының пайда болу тарихын Жібек жолының жібек саудасымен тығыз байланыста болғаны анық. "Жібек жолы" атауы осы сауда түріне байланысты қалыптасты. "Ұлы" сөзінің қосылуы бұл жолдың кең байтақ Шығыс пен Батысты байланыстырушы желі болғанын білдіреді. Осылайша, "Ұлы Жібек жолы" деген атау тарихқа енді. Қытай жазба деректерінде б.з.б. II-I ғасырларда Үйсін мемлекетінің Қытай өкіметімен қарым-қатынасы туралы мәліметтер кездеседі. Бұл байланыстар кезінде олардың арасындағы саудада қымбат бағалы жібек ақша ретінде пайдаланылған болуы мүмкін.

Қытай деректері бойынша, VI ғасырда Батыс Түрік қағанының және оның нөкерлерінің жібек шапан кигені анықталды. Осы кезеңде жібек бүкіл Еуразияға кең таралып, халықаралық саудада ерекше құндылыққа ие болды. VI ғасыр жібектің кең танылған кезеңі болып саналады [5,83].

Жібек жолы – Қытайдың Батыс Хан патшалығының (西汉朝) астанасы Чаң ан (长安, қазіргі Сиань 西安 қаласы, қазақша тіке аударғанда Чи ан) қаласынан бастау алып, Ганьсу (甘肃) және Шыңжаңнан (新疆) өтіп, Орталық Азия мен Батыс Азия арқылы Жерорта теңізі елдеріне дейін жалғасқан. Бұл жол Қытай тілінде "кұрлықтық Жібек жолы" (陆路丝绸之路) немесе "жәйлімдік Жібек жолы" (绿洲丝绸之路) деп те аталады [6]. Ұлы Жібек жолы ежелден қалыптасып, бүкіл Еуразияға, тіпті Солтүстік Африка мен Шығыс Африкаға дейін тарамдалған ұзақ қашықтықтағы сауда және мәдени алмасу маршруттарын қамтыды. Сонымен қатар, 1-5 ғасырларда қалыптасқан Ұлы Жібек жолының Суң патшалығы (宋朝) кезінде Солтүстік-Батыс аймақтардағы сауда тасымалында маңызды рөл атқарған екі кезеңін бөліп қарастыруға болады: Батыс Хан патшалығы (西汉朝) кезінде гүлденген кезең және кейінгі Суң патшалығы дәуіріндегі жандануы [5,83;6]. Бұл мақалада біз Батыс Хан патшалығы (西汉朝) кезінде қалыптасқан және гүлденген Ұлы Жібек жолы мен ежелгі қазақ мемлекеттері саналатын Ғұн (匈奴), Үйсін (乌孙), Ұлы Йүзі (大月氏), Түрік қағанаты және Алтын Орда мемлекеттері арасындағы байланыстарды қарастырамыз.

Жібек жолының пайда болуы туралы айтқанда, ең алдымен Жаң Чяның (张骞) есімі аталады. Орыс тіліндегі деректерде ол Чжан Цзян немесе Чжан Вэй деп те кездеседі. Оның "Жол ашуы" (凿空) туралы "Жібек жолының тарихи алғышарттары" атты ғылыми еңбекте егжей-тегжейлі баяндалады [7]. Шын мәнісінде, Жібек жолы бастапқыда адамдардың жүріп-тұратын қарапайым жолы ретінде қалыптасты. Алайда, Жаң Чяның (张骞) "Жол ашуы" (қытайша: 凿空) бұл жолдың сауда және мемлекетаралық қарым-қатынастар жолына айналуына негіз болды [7;8,169]. Оның сапары Қытай орталық жазықтары мен Орталық Азиядағы түркі халықтарының ресми түрде мәдени алмасу орнатуына тарихи негіз қалады.

Б.з.д. 139 жылы Батыс Хан патшалығының (西汉朝) патшасы Хан Уди (汉武帝) батыс өңірдегі ықпалдастықты арттыру мақсатында Жаң Чянди (张骞) елшілікке жіберді [3]. Ол кезде Ғұндар (匈奴) батыс өңірде үлкен ықпалға ие болғандықтан, Хан патшалығы бұл аймақтағы елдермен еркін қарым-қатынас орната алмады. Ғұн елшілерінің келіп-кету шығындарына дейін батыс өңірдегі мемлекеттер қамтамасыз етуге мәжбүр болған еді. Жаң Чян бұл 13 жылдық сапарында екі рет ғұндардың (匈奴) тұтқынында болып, ақыр соңында Батыс Хан патшалығының (西汉朝) астанасы Чаң анға (长安) аман-есен оралады. Бангу "Ханнама" еңбегінде Қытай СІТІС корпорациясы баспасы шығарған жаңа қытай жазуы нұсқасының 96-шы томындағы "Жаң Чян баянында" (班固《汉书》卷九十六《张骞传》中信出版社北京) бұл сапар толық баяндалады. Онда Ғұндар Жаң Чянди елшілік міндетін ескеріп, оны тірі қалдырумен қатар, үйленуіне мүмкіндік бергені, кейін Жаң Чянди (张骞) Дад-уан (大宛) мемлекеті арқылы қашып шығып, Дад-уандардың (大宛) оны құрметпен қарсы алып, өз билеушісінің қорғауымен Хаңлыларға (康居) жеткені, кейін Хаңлылардың көмегімен (康居) Ұлы Йүзілерге (大月氏) барып, ақыр соңында Батыс Хан патшалығының астанасы Чаң анға (长安) оралғаны баяндалады [8,169-171].

Сарайға оралғаннан кейін Хан Уди (汉武帝) Жаң Чянди (张骞) еңбегін жоғары бағалап, оған "Елші уәзір" (使君) атағын береді, бұл уәзір дәрежесін білдіреді. Осы баяндамаларда Жаң Чянди Ұлы Йүзі (大月氏), Да-уан (大宛), Үйсін (乌孙), Хаңлы (康居) сияқты ежелгі Қазақстан және Орталық Азия елдерімен болашақ түрлі саладағы байланыстарды орнату мақсатында жасаған елшілік миссиясы "Ханнама" егжей-тегжейлі сипатталады [3;8,170]. Бұл сапардың нәтижесінде Жібек жолының ресми ашылуы жүзеге асты.

Тарихнама мен Ханнаманың жалғасы саналатын Қытай деректерімен толықтыра кетсек, Үйсін (乌孙) мемлекеті ыдырағаннан кейін Үйсін (乌孙) тайпалары XIII-XIV ғасырларда Жетісу мен Сыр бойы өңірлеріне таралып, кейін қазақ ұлтын құраған негізгі ұлыстардың біріне айналды. Ал Хаңлылар (康居) ежелгі мекені Сыр бойының төменгі жағалауында Ғұндар (匈奴) мен Ұлы Йүзілердің (大月氏) ықпалынан құтылып, XIII-XIV ғасырларда түрік тілді Хаңлы рулары Алтын Орда дәуірінде Қыпшақ сахарасындағы Ақ Орданың қарамағына кіріп, кейін қазақ ұлтын құрайтын негізгі руларға айналды [9].

Б.з.д. 119 жылы Батыс Хан патшалығының (西汉朝) патшасы Хан Уди (汉武帝) батыс елдеріне өзі жақсы білетін Жаң Чянди (张骞) елшілер тобымен және мол тарту-таралғымен қайтадан жіберді. Жаң Чян (张骞) батысқа екінші рет сапарында Іле өзені аңғарындағы Үйсіндерге (乌孙) барып, одан ары Ұлы Йүзілер (大月氏), Да-уан (大宛), Хаңлы (康居) қатарлы елдерге орынбасарларын жіберіп, Қытай орталық жазығы мен батыс өңірдің, Батыс Хан патшалығы (西汉朝) мен Орталық Азиядағы елдердің байланыстарын күшейтіп қайтты [8,171;10]. Осыдан кейін батыс пен шығыс арасындағы ауқымды іскерлік байланыстар жандана түсті.

Батыс Хан патшалығы (西汉朝) кезіндегі Жаң Чянди (张骞) батысқа екі рет сапары ресми арналарды ашты. Бұл Жібек жолының алғаш пайда болуы деген сөз емес. Жібек атауын алмас бұрын бұл жол әдетте адамдар жүріп-тұратын маршрут ретінде ежелден бар жол екені айтылған болатын. Жаң Чянди (张骞) бұл сапарларының нәтижесінде бұрыннан бар жол сауда-саттық жолы, өркениеттер алмасу жолы, яғни ресми Ұлы Жібек жолы ретінде қалыптасты. Батыс Хан патшалығы ғұндармен (匈奴) күрес мақсатында, батыс аймақтарына Жаң Чянди (张骞) жіберіп, Ұлы Йүзілер (大月氏)

) қатарлы батыс өңірдегі елдермен одақ құруды жоспарлауының нәтижесінде Ұлы Жібек жолы ресми түрде қалыптасты [8,173].

Батыс Хан патшалығының (西汉朝) ғұндарға (匈奴) қарсы Ұлы Йүзі (大月氏) қатарлы Амудария бойындағы елдермен одақ құруды жоспарлауындағы басты себебі – Батыс Хан патшалығы (西汉朝) мен ғұндар (匈奴) арасындағы күрделі қатынастар еді. Ғұндар (匈奴) үнемі шекара өңірлеріне шабуыл жасап, Жібек жолы бойындағы елдерге тұрақты қауіп төндіріп отырған. Тарихнама мен Ханнамада Жаң Чянның (张骞) сапарынан бұрын Ғұндардың (匈奴) Ұлы Йүзілерге (大月氏) шабуыл жасап, олардың билеушісін өлтіріп, басын кесіп алып шарап ішетін ыдыс жасағандығы, бұған кектене көшкен Ұлы Йүзілерге ешқандай ел көмек бере алмағандығы баяндалады [3;7].

Батыс Хан патшалығы (西汉朝) мен ғұндардың (匈奴) татулық пен бақталастық араласқан күрделі қарым-қатынастары Ұлы Жібек жолының бақылауына таластары туралы Қытай деректері мол ақпарат береді. Бұл тақырыптар мақала көлеміне сыймайтындықтан, оларды арнайы зерттеу қажет. Тағы бір маңызды жайт – мақалада Қытай деректеріндегі атауларды тікелей аудару немесе Қытай қазақтарының қолданып жүрген атауларын пайдалану ұстанымы қолданылды. Бұл қазақша атаулар орысша нұсқалармен сәйкес келмегендіктен, кейбір оқырмандарға түсініксіз болуы мүмкін. Себебі қазақша деректерде көбінесе қытайша атаулардың орысша баламалары пайдаланылады. Алдағы уақытта тәуелсіз ел ретінде өзге тілдердің деректерін орыс тілінің делдалдық рөлісіз, қазақ тіліне тікелей аударып қолдануға мән бергеніміз жөн. Қытай деректерін қолданғанда Қытай қазақтары аударған атауларға да көңіл бөліп, оларды тиімді пайдалану қажет деп есептейміз.

Бангу Көне Ханнаманың "Жаң Чян баяны" бөлігінде Үйсіндердің б.з.д. I ғасырда батысқа жылжып, қазіргі Іле өзені аңғары мен Ыстықкөл маңына орналасқандығын баяндайды. Жаң Чянның елшілік сапарынан кейін Батыс Хан патшалығының патшасы Хан Уди екі ханшайымын Үйсіндерге ұзатқандығы айтылады. Б.з.д. II ғасырда бұл өңірге Ұлы Йүзілер де келіп қоныстанып, кейін Үйсіндермен сіңісіп кеткендігі баяндалады [7;9]. [7;9;12,72-73].

Ежелгі қытай тарихи жазбаларында «昭武九姓 «Жаудың тоғыз тегі» деп аталатын, «тоғыз есімді ху (九姓胡)» немесе жай ғана «тоғыз есімді Ху» бұндағы ху 胡 сөзі Қытай деректерінде көбінесе Ғұндарға (匈奴) қатысты айтылады [6,2]. Тағы бір Қытай деректерінде Орталық Азиядағы Әмудария мен Сырдарияның арасында Самарқандта (қазіргі Өзбекстанда) орналасқан Соғдылар (粟特) деп те айтылады. Бұл «тоғыз есімді ху (九姓胡)» тоғыз жайылым патшалығы (九个绿洲王国) деп те аталады. Олар: Канг, Ан, Као, Ши, Ши, Ми (即康、安、曹、石、史、米). Осы көшпелі тайпалар күнкөріс үшін Шығысқа қарай ауа көшіп, өнеркәсіппен шұғылданып, сауда тобын қалыптастыра бастады. Таң патшалығының (康朝) Оңтүстік және Солтүстік өңірлерінен Таң әулетіне дейін Юи Тяан (于阗), Лоу лан (楼兰), Шю лан (龟兹), Гау Чаң немесе Тұрпан (高昌, 吐鲁番), Дунхуан (敦煌), Жю Чуан, (酒泉), Чаң Ие (张掖), Вуйэй (武威), Чаң Ан (长安), Лояң (洛阳) және т.б. көптеген қалаларда осы «тоғыз есімді хулардың(九姓胡)» іздері бар. Олардың ұрпақтары біртіндеп қытайлықтарға айналды, бірақ көптеген адамдардың сыртқы түр әлпеттері әлі де Орталық Азиялықтарға ұқсайды [6;8,173]. Таң патшалығының (康朝) беделді билеуші ұлықтарымен генаралдары арасында түріктер (突厥人) көп болғандығын Қытай деректері растайды. Бұл Жібек жолы аясында ұлттардың өзара сіңісу құбылыстарының болғандығын айқындайды.

Жаң Чянның (张骞) Батыс елдеріне екі мәрте жасаған сапары Батыс Хан патшалығының (西汉朝) Батыс өңірдегі елдермен байланыстарын нығайтып қана қоймай, үздіксіз дипломатиялық қарым-қатынастар орнатуына ықпал етті. Сонымен қатар, бұл сапарлар Орталық Азия елдері мен Батыс Хан патшалығы (西汉朝) арасындағы қатынас және тасымал жолдарының қарқынды дамуына жол ашты. Сауда және дипломатиялық қатынастар жиілеген сайын әртүрлі этникалық топтардың мәдени алмасуы мен интеграциясының негізі қаланды [11]. Жаң Чян (张骞) елші ретінде Батыс Хан патшалығының (西汉朝) Батыс елдерімен бейбіт дипломатиялық байланыстарының іргетасын қалады. Осыдан бастап, Батыс Хан патшалығы (西汉朝) мен Батыс елдері арасындағы көпсалалы байланыстар жаңа деңгейге көтерілді. Жаң Чянның (张骞) төзімділік, отансүйгіштік, батылдық және алға ұмтылу рухы Қытай тарихында жоғары бағаланған [6,10].

Жаң Чянның (张骞) «Жол ашуы» (қытайша: 凿空) Қытай деректерінде осылай аталады. Қытай тілінен қазақ тіліне тікелей аударғанда бұл «бос қыртысты ашу» немесе «бос кеңістікті ашу» деген мағына береді. Алайда, тарихи контекст және сапардың мақсаты тұрғысынан алғанда, зерттеуімізде бұл құбылысты «Жаң Чянның (张骞) жол ашуы» деп атауды жөн көрдік. Кәсіби аудармашылар бұл атаудың аударма нұсқасын болашақта нақты бекітетін болады деп үміттенеміз. «Ұлы Жібек жолы» деп аталатын шығыс пен батысты біріктірген сауда-саттық және мәдени қарым-қатынас жолы мәдени алмасу мен мәдени интеграцияның дамуына елеулі үлес қосты [10].

Ғұндардың (匈奴) күшейіп, Батыс өңірдегі ықпалының артуына алаңдаған Батыс Хан патшалығы (西汉朝) Ұлы Йүзілер (大月氏) сияқты мемлекеттермен одақтасып, ғұндарға (匈奴) қарсы әскери іс-қимыл жүргізу стратегиясын ұстануды көздеген. Алайда, Жаң Чянның (张骞) «Жол ашуы» (凿空) деп аталатын Батысқа жасаған сапары бұл стратегияның түбегейлі өзгеруіне әкелді. Бір кездері Батыс өңірлерінде ықпалын жүргізіп, экономикалық бақылауға ие болған Ғұн (匈奴) билеушілері Жібек жолынан коммерциялық пайда алуға және осы артықшылықты тиімді пайдалану мақсатында белсенді әрекет ете бастады [5,83]. Осыған байланысты, Батыс өңіріндегі Ғұн (匈奴) билеушілері сауданы қолдап, оны ынталандыру саясатын ұстануға мәжбүр болды. Бұл үрдіс Батыс өңірінің іскерлік жағдайының дамуына және бүкіл Жібек жолының көлік жүйесінің жетілдірілуіне түрткі болды.

Жаң Чянның (张骞) сапарынан кейін Үйсін (乌孙) сияқты елдер мен Қытай орталық жазығы арасында барыс-келіс үздіксіз жалғасты. Сыма Цянь жазбаларында Даван мемлекеті туралы баяндауларында Үйсіндердің Хан патшалығына елші жіберіп, сауда байланыстарын орнатуға күш салғаны атап көрсетіледі. Бұл тарихи дерек Хан патшалығы мен Орталық Азия елдері арасындағы ежелгі байланыстардың маңыздылығын айқындай түседі [11;12,72-73].

3. Ұлы Жібек жолының негізгі кезеңдері және сауда стратегиясы. Ұлы Жібек жолының тарихында түркі мемлекеттері Жібек жолын толықтай дерлік бақылауда ұстаған үш негізгі кезеңді анықтауға болады:

1. VI ғасырдан XIII ғасырдың басына дейінгі Түркі қағанаттары дәуірі;
2. XIII ғасырдың екінші ширегі мен XIV ғасырдың екінші жартысына дейінгі Шыңғыс әулеті кезеңі;
3. XIV ғасырдың үшінші ширегі мен XV ғасырдың басындағы Әмір Темір мемлекетінің бақылауындағы кезеңдер [8].

Көне Таннама деректеріндегі Яньци баянында б.з.д. 633 жылы Батыс Түрік қағанатының қағаны Ашина Нишу Долу қаған (阿史那泥熟 – Ашина Нишу, қағанның

қытай жылнамасындағы мәртебелі есімі, 咄陆可汗 - Долу дегені қағанның өз есімі) Таң патшалығының патшасы Таң Тайзунмен (唐太宗, орысша дыбысталуына орай қазақша деректерде кейде Тантайзун деп те қолданылады) өзара елші алмасып, достық қатынастарды арттырып, сауда алыс-берісін нығайтқандығы баяндалады. Көне Таңнама Яньци баянында: елші жіберіп, жергілікті өнімдерін тарту етіп, дачи жолын ашатындығы жазылған. Мұндағы дачи жолы (қытайша: 大磧路) «сахара жолы» деген мағына беріп, Ұлы Жібек жолын меңзейді [5,83].

Таң патшалығы (唐朝) дәуірінде Жібек жолының солтүстік бағыты кеңейіп, Тяньшан (天山) тау сілемдері арқылы Мо Би өңіріне жалғасты (漠北 – шөлді сахараның солтүстігі, мұнда Қытайдың солтүстігі, Ресей, Қазақстан, Моңғолия жерлері меңзеліп отыр). Оңтүстікте Кунлун (昆仑) мен Қарақорымнан (喀喇昆仑) тікелей Цинхай-Тибет жазықтығына (青藏高原) дейін кеңейді. Жібек жолы Таң патшалығы (唐朝) кезінде солтүстіктен оңтүстікке қарай кеңейіп, солтүстікте Алтай тауларымен (阿尔金山) Мо Би өңірін (漠北 – шөлді сахараның солтүстігі) байланыстыратын жол ролін атқарды. Оңтүстікте Алтай тауларынан (阿尔金山) Қарақорымға (喀喇昆仑) және Цинхай-Тибет жазығына (青藏高原) дейінгі бағыттар қалыптасты. Осылайша, қазіргі Шыңжаң (新疆) өлкесінде көптеген тарамдалған сауда жолы бағыттары пайда болып, Жібек жолы бірте-бірте өңірлерді өзара байланыстырушы стратегиялық сауда желісіне айналды [4,9].

Ұлы Жібек жолы Батыс Хан патшалығы (西汉朝) дәуірінде ашылды. Таң патшалығы (唐朝) кезеңінде ол тереңдей өркендеп, елдер мен халықтар арасындағы мәдени алмасу үдерісін жеделдетті. Ұлы Шыңғыс қағанаты дәуірінде (蒙古帝国) Ұлы Жібек жолы қайтадан жанданып, маңызды сауда және мәдени байланыстарды күшейтті. Бұл дәуірлерде жайылымдық немесе сахара Жібек жолы дамып, Шыңғыстың төрт ұлысы Еуразияны біртұтас кеңістікке айналдырып, батыс пен шығыс арасындағы қарым-қатынасты ерекше жандандырды.

Ежелгі сауда жолының бойында орналасқан Қыпшақ даласы Қағанат астанасы Қарақорымды өзге елдермен байланыстыратын стратегиялық күретамырға айналды. Құбылай (元世祖) негізін қалаған Юан патшалығы дәуірінде оның астанасы Даду (қазіргі Бейжің, ежелгі аты Ханбалық (қытайша: 元大都)) Юан патшалығының саяси орталығы ғана емес, сондай-ақ мәдени және сауда орталығы ролін де атқарды. Марко Поло естеліктерінде Дадуға ел ішінен және шетелдерден салық пен сый-кәде әкелушілер мен саудагерлердің үздіксіз келіп-кететіндігі айтылады. Саудагерлер өздері өндірген бұйымдарын осында әкеліп сатып, кері қайтарында түрлі жібек және торғын-торқалар алып кететіндігі туралы баяндалған. Олардың ішінде Орталық Азиядан келетін елшілер мен сауда керуендерінің саны өте көп болған, тіпті жолдарда мыңдаған керуендердің бір-бірімен қайшыласып жататындығы тарихи деректерде келтіріледі [13,767].

Жошы ұлысы, Қыпшақ хандығы және Алтын Орданың хандары Берке (1257-1266), Мөңгу-Темір (1266-1280) Құбылай негізін қалаған Юань патшалығымен (元朝) туысқандық қатынастарын одан әрі нығайта түсті. Бұл байланыстардың бастауын Бату хан (1227-1255) кезінде Мөңкені қолдап, қағанат орталық билігінің Өгедай әулетінен Төле әулетіне өтуіне ықпал еткен оқиғалардан іздеуге болады. Осы себепті бұл кезең Ұлы Жібек жолының қайта өркендеу дәуірі болып саналады. Алтын Орданың астаналары – Сарай-Бату және Сарай-Берке қалалары – шығыс пен батысты байланыстыратын ірі халықаралық сауда орталықтары ретінде ұзақ уақыт бойы маңызды рөл атқарды. Көптеген шетелдік саудагерлер Қытайдың ішкі қалаларына бармай-ақ, Алтын Орда қалаларынан түрлі жібек бұйымдарын сатып алу мүмкіндігіне ие болды [13,768;14].

Жібек жолы бағытымен өткен керуен саудасы мыңдаған шақырым қашықтықты қамтыды. Саудагерлер жолдың ұзақтығына байланысты тауарларын жарты жолда ауыстырып алуға мәжбүр болды. Ұлы Жібек жолының қазақ даласы арқылы өтетін бөлігі кең аумақты қамтып, ұзақ жолды құрағандықтан, халықаралық саудада аса маңызды рөл атқарды. Сауданың дамуы базарлардың кеңеюіне ықпал етіп, біртіндеп көптеген қалалардың пайда болуына және өркендеуіне негіз қалады. Бұл жол мемлекеттердің қалыптасуында және әлемдік өркениеттің дамуына зор үлес қосты. Сондай-ақ, Шығыс пен Батыс мәдениеті арасындағы байланыстырушы көпір қызметін атқарды [7].

Керуен саудасы арқылы жол бойында тұрақты түрде қызмет көрсететін орындар ашылды. Ұлы Жібек жолы бойымен өтетін керуендер тасымалдайтын тауарлар көлемінің ұлғаюына байланысты керуен сарайлар көптеп салына бастады. Бұл орындар көпестер мен керуендерге қызмет көрсететін арнайы қызметшілердің демалыс бөлмелерімен, тауар сақтайтын қоймалармен, жүк артылған малдарға арналған қоралармен, қажетті жем-шөп және азық-түлікпен жабдықталды. Керуен сарайлары көпестер үшін қажетті тауарларды сатып алатын және сататын ірі сауда орталықтарына, гүлденген базарларға, кейінірек шағын қалаларға айналды. Айырбас саудасы да кеңінен дамыды. Жер иелері салықтардан қомақты пайда тапты. Бұл артықшылықтан айырылып қалмау үшін Орталық Азия елдерінің билеушілері керуенбасылар мен саудагерлерді қорғайтын арнайы заңдар қабылдады. Сауда-саттықты дамытуда көшпелі малшылар маңызды рөл атқарды. Олар ұзақ сапардан келген керуендерге жол көрсетіп, азықпен және көлікпен (малмен) қамтамасыз етіп отырды [7].

Жібек жолының керуен жолдары қомақты пайда әкелумен қатар, үлкен қауіп-қатерге де толы болды. Осы себепті көпестер жалғыз емес, қарулы адамдардан тұратын ірі керуендермен сапарға шықты. Керуендер жүздеген жүк артылған түйелер тізбегінен құрылды. Оларға саудагерлер, аудармашылар, нөкерлерін ерткен елшілер және дін таратушылар ілесіп жүрді [7]. Ұлы Жібек жолының дамуы әртүрлі елдердің керуен жолдарына бақылау жүргізу жөніндегі геосаяси бәсекелестігіне тәуелді болды. Оның табысты қызмет етуі үшін халықаралық саяси тұрақтылық қажет еді. Еуразия кеңістігі арқылы өтетін маңызды керуен жолдарын бақылауға алатын ірі империялардың құрылуы сауда қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Керуендерден алынатын салық керуен жолдары өтетін мемлекеттердің билеушілеріне жоғары табыс әкелді. Бұл, бір жағынан, көпестердің қауіпсіздігін қамтамасыз етсе, екінші жағынан, Ұлы Жібек жолының негізгі бағыттарына бақылау жасау мүмкіндігін арттырды. Дегенмен, мемлекетаралық қақтығыстар мен билікке талас жағдайлары Жібек жолы бойындағы қалалар мен қоныстардың тұрақсыздығына, керуендердің тоналуына, тіпті Ұлы Жібек жолының белгілі бір бөлігінің қызметінің уақытша бұзылуына да себеп болды [1,7].

Ортағасырлық авторлардың деректері мен археологиялық қазба жұмыстары Жібек жолы бойындағы халықаралық сауданың IX ғасыр мен XIII ғасырдың басында ерекше қарқынмен дамығандығын дәлелдейді. Испиджаб, Кедер, Отырар, Тараз, Науакент, Баласағұн қалалары осы кезеңдегі ірі сауда орталықтары ретінде танылды. Шу, Талас және Сырдария алқаптарында қала мәдениеті өркендеп, жаңа қала орталықтары қалыптасты. Бұл қалалардың орындары Арал бойындағы құрғақ, шөлейт аймақтарда жақсы сақталған. Ұлтаралық және дінаралық төзімділік, өзге халықтардың салт-дәстүріне құрметпен қарау – Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың басты ерекшеліктерінің бірі болды. [14,15].



1 - сурет. 丝绸之路的路线示意图 Жібек жолының бағыты

- ① 西汉 长安 Батыс Хан патшалығы Чаң ан.
- ② 河西走廊 Хышуй коридоры.
- ③ 新疆——中亚 Шыңжаң - Орта Азия.
- ④ 西亚 Батыс Хан патшалығы.

Жалпы, Жібек жолы ежелден ғалымдардың назарында зерттеу нысаны ретінде ерекше маңызға ие. Жібек жолының қызметін жалғастырушы елдер ретінде ежелгі Қазақстан аумағын мекендеген Ғұндар (匈奴), Ұлы Йүзілер (大月氏) және Түріктер (突厥) тарихи Ұлы Жібек жолының қалыптасуы мен дамуында айрықша рөл атқарды. Ұлы Жібек жолы – әлемдік өркениет тарихындағы аса ірі жетістіктердің бірі. Керуен жолдарының тарамдалған жүйесі Жерорта теңізінен Қытайға дейін созылып, Еуразия кеңістігін еңдей өтіп, ежелгі және орта ғасырлардағы сауда байланыстары мен Батыс пен Шығыс мәдениеттері арасындағы қарым-қатынастың негізгі құралы қызметін атқарды. Бұл құбылысты Қытай жазба деректері айқын дәлелдермен растайды.

4. Ұлы Жібек жолының жаңғыруы. 2000 жылдан астам уақыт бұрын ата-бабаларымыз ашқан Азия - Еуропа континентальдық алмасу желісі әлемдегі бірнеше ірі өркениеттің ортақ тоғысуын ілгерлетті. Бұл тарихи жолдың ең ұзақ бөлігі Қазақстан мен Орталық Азия арқылы өткендіктен, Ұлы Жібек жолындағы барлық үдерістердің дамуында Қазақ жерінің өзіндік орны бар екенін анық байқауға болады. Екі мыңжылдықтан кейін Қазақстан Ұлы Жібек жолының қызметін қайта жаңғыртуда маңызды бастамаларды қолға алды, бұл туралы қазіргі таңда Аспан асты елінің беделді ақпарат көздері кеңінен жариялауда [12,16]. Тарихи Жібек жолын қайта жаңғырту еліміздің инфрақұрылымының әртүрлі салаларын, соның ішінде транспорттық-логистикалық, индустриалды-энергетикалық, тұрғын-үй және шағын және орта бизнес секторларын дамытуда маңызды рөл атқарады.

Ежелгі Жібек жолының тыныс-тіршілігі еліміздің астанасындағы Ұлттық мұражайда тарихи дәлдікпен бейнеленген. Бұл көріністе Жібек жолының бастауы болған Шиан (西安) және Ланжоу (兰州) сияқты ежелгі Қытай қалаларымен қатар, Қазақстанның Жібек жолы бойындағы ежелгі қалалары қызыл сызықтармен белгіленген. Керуеншілердің түйелеріне ілінген қоңыраулары арқылы бір-бірін оятып, ұзақ сапарға шыққан көріністері Қытай ақпарат құралдарында жиі насихатталуда [7].

Қазақстан - кең-байтақ Еуразиялық мемлекет. Жер аумағы 2 274 900 шаршы километрді құрап, әлемде тоғызыншы орында тұр. Оның шығысы Қытаймен, оңтүстігі Қырғызстанмен, Өзбекстанмен және Түрікменстанмен, солтүстігі мен батысы Ресеймен шекараласады. Сонымен қатар, Каспий теңізі арқылы Әзірбайжан және Иран елдерімен теңіздік байланысқа ие. Қазақстан - Ұлы Жібек жолының қақпасы әрі Жібек жолы экономикалық белдеуінің халықаралық көпірі саналады. Қазақстан мен Қытай көрші әрі тығыз достық қарым-қатынастағы елдер. Олардың арасындағы шекара ұзындығы 1 700 километрден асады. Қазақстан-Қытай арасында көптеген шекаралық өткелдер бар, олардың ішіндегі ең маңыздылары - Қазақстан-Қытай Алатау (Алашанькоу 阿拉山口) теміржол желісі және Қазақстан-Қытай Қорғас шекара бекеті. Бұл өткелдер жаңа Еуразиялық құрлықтық көпірінің негізгі тораптары ретінде қызмет атқарады [15,18]. Қазіргі таңда Қазақстан Жібек жолы экономикалық белдеуінің халықаралық бөлігінің маңызды жауапкершілігін арқалап келеді [17].

Қазақстан табиғи ресурстарға бай және өндірістік базасы қалыптасқан ел. Мұнай, табиғи газ, көмір және басқа да энергетикалық ресурстарға, сондай-ақ уран, мыс, қорғасын, мырыш, хром, темір және алюминий сияқты минералдық ресурстарға ие. ТМД-дағы ең қарқынды дамып келе жатқан ел ретінде Қазақстанның экономикалық қуаты Орталық Азиядағы бес елдің жалпы экономикалық қуатының үштен екі бөлігін құрайды [4]. Қазақстанның энергетикалық саласы дамыған елдердің өңдеуші өнеркәсіптерін толықтырады. Қазақ елінде шетелдермен экономикалық, сауда және басқа да салалардағы ынтымақтастық қарқынды дамуда. Шетелдік компаниялардың тұтынушылық тауарлары Қазақстан нарығына көптеп енуде, сондай-ақ энергетикалық ресурстар мен өндірістік жабдықтар шығаратын компаниялар мен Қытай банктері Қазақстанға инвестиция салуда. Сонымен қатар, Қазақстан мұнай, табиғи газ және ауыл шаруашылық өнімдерін шетелдерге экспорттауда [17,18].

2013 жылы Астанада Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин "Бір белдеу, бір жол" бағдарламасын ұсынды. Бұл бастама 21 ғасырдағы Жібек жолы экономикалық белдеуін және Теңіз Жібек жолын дамытуға бағытталған [18]. 2014 жылдың қараша айында Қазақстан Республикасының Президенті Жаңа экономикалық "Нұрлы жол" бағдарламасын жариялады. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты - инфрақұрылымды дамыту арқылы әлем елдерін бір-бірімен байланыстыру, жаңа жолдар мен теміржолдар салу, сондай-ақ Шығыс пен Батыс арасындағы тауар айналымын арттыру және туризмді дамыту [18].

"Нұрлы жол" және "Бір белдеу, бір жол" бағдарламаларының ортақ мүдделерін ескере отырып, Қытай мен Қазақстан бұл екі жобаны үйлестіру және ынтымақтастық негізінде жүзеге асыруға кірісті. Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымындағы өкілінің орынбасары Руслан Бультриков Қытайдың Синьхуа ақпараттық агенттігіне берген сұхбатында Қазақстанның әлемдегі ең үлкен ішкі құрлықтық ел ретінде инфрақұрылымын дамытып, тасымалдау көлемін арттыру және сыртқы сауданы дамыту тұрғысынан жаңа Жібек жолы жобасының ұлттық стратегияға сәйкес келетінін атап өтті. Сондай-ақ, бұл бастаманың БҰҰ-ның тиісті қарарларына енгізіліп, халықаралық қауымдастық тарапынан мойындалғанын, оның жаһандық дамуға қосатын үлесінің зор екенін жеткізді [17,18].

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Бейжіңде өткен "Бір белдеу, бір жол" халықаралық ынтымақтастығының III форумының ашылу рәсімінде: "Бір белдеу, бір жол' Ұлы Жібек жолының қайта жаңғыруына тың серпін берді" деп атап өтті [19]. Сонымен қатар, ол бұл бастаманың мемлекеттер арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға, тату көршілік қатынастарды нығайтуға және мемлекеттер үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынын ерекше атап өтті.

Жібек жолын зерттеу және одан әрі дамыту маңызды міндет болып табылады. Ұлы Жібек жолын жандандыру Қазақстанның экспорттық түсімдерге тәуелділігін азайтуға, ішкі көлік желісін дамытуға, Қытай, Еуропа және Таяу Шығыстағы ірі нарықтарға шығуға және инфрақұрылым жобаларына ауқымды инвестиция тартуға жол ашады. Ежелгі Ұлы Жібек жолы өз заманында әлемдік өркениеттің дамуы мен адамзат қоғамының елеулі жетістіктерін насихаттауда маңызды рөл атқарды. Шығыс Азия, Орталық Азия, Үндістан, Батыс Азия, Еуропа және Жерорта теңізі айналасындағы өркениеттерді біріктірген бұл тарихи жол бүгінгі таңда үйлесімді дамуға бағытталған стратегиялық бағдарламаға айналуға. Ұлы Жібек жолын әлемдік бейбітшілік пен гүлдену жолына айналдыруда Қазақстанның рөлі ерекше [18,20].

Қорытынды. Ұлы Жібек жолы – адамзат өркениетінің маңызды тарихи құбылыстарының бірі. Бұл жол сауда мен экономикалық қатынастарды дамытумен қатар, мәдени және ғылыми жетістіктердің таралуына ықпал етті. Жібек жолы арқылы Қытай, Орта Азия, Қазақстан, Таяу Шығыс және Еуропа арасындағы байланыстар нығайып, өркениеттердің өзара ықпалдасуына мүмкіндік туды. Қазақстан аумағының Ұлы Жібек жолының бойында орналасуы оның стратегиялық маңыздылығын арттырды.

Жібек жолының тарихы бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Алғашында ол жібек саудасына байланысты қалыптасса, кейіннен халықаралық сауда жолына айналды. Түрік қағанаты, Шыңғыс хан дәуірі, Алтын Орда және Әмір Темір мемлекеті кезеңдерінде бұл жолдың маңызы арта түсті. Осы кезеңдерде Қазақстан аумағындағы қалалар – Тараз, Отырар, Сауран, Испиджаб, Баласағұн сияқты орталықтар халықаралық сауда мен мәдени алмасудың маңызды нүктелеріне айналды.

Жібек жолы тек экономикалық қатынастарды дамытып қана қойған жоқ, сонымен қатар діни, ғылыми және мәдени байланыстарды да нығайтты. Ислам, буддизм, христиандық және зороастризм сияқты діндер осы жол арқылы тарады. Сонымен қатар, ғылыми жаңалықтар, медицина, философия, сәулет өнері мен технологиялық жетістіктер де бір мәдениеттен екінші мәдениетке көшіп отырды.

XIV-XV ғасырларда теңіз сауда жолдарының дамуы Жібек жолының маңызын төмендетті. Ұлы географиялық ашулар нәтижесінде Еуропа елдері Қытай мен Үндістанға тікелей теңіз арқылы жете бастады, бұл құрлықтық сауда жолдарын екінші орынға ығыстырды. Сонымен қатар, саяси тұрақсыздықтар, мемлекетаралық соғыстар, көшпенді тайпалардың шапқыншылығы керуендердің қозғалысына қауіп төндіріп, Жібек жолының баяулап, ақырында құлдырауына алып келді.

XXI ғасырда Ұлы Жібек жолының экономикалық маңызы қайта жаңғыруда. Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасы және Қазақстанның «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы осы көне жолды жаңа геосаяси және экономикалық мүдделер тұрғысынан жандандыруды көздейді.

Қазақстан Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқандықтан, бұл бастамаларда маңызды рөл атқарады. Еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін арттыру мақсатында теміржолдар, автомагистральдар және порттық инфрақұрылымдар дамытылып жатыр. Қытай мен Еуропа арасындағы жүк тасымалының көлемі артып, Қазақстан транзиттік мемлекет ретінде жаңа деңгейге көтерілуде.

«Бір белдеу, бір жол» жобасы аясында Қазақстанда жаңа өндірістік аймақтар, логистикалық орталықтар мен кедендік терминалдар салынууда. Бұл инфрақұрылымдық даму ел экономикасына қосымша табыс әкеліп, жұмыс орындарын құруға ықпал етеді. Сонымен қатар, халықаралық сауда және экономикалық ынтымақтастық күшейіп, Қазақстанның әлемдік экономикадағы орны нығая түсуде.

Тұжырымдар мен ұсыныстар:

1. **Қазақстанның стратегиялық рөлі** – Жібек жолының тарихи маңызы қазіргі кезеңде де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазақстан өзінің географиялық артықшылықтарын тиімді пайдаланып, транзиттік дәліз ретіндегі позициясын күшейтуі қажет.

2. **Инфрақұрылымды дамыту** – Жібек жолын жаңғыртуда көлік және логистика инфрақұрылымын дамыту басты басымдықтардың бірі болуы тиіс. Халықаралық деңгейдегі көлік жүйелерін жетілдіру, заманауи технологияларды енгізу – Қазақстанның жаһандық саудадағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

3. **Экономикалық әртараптандыру** – Қазақстан тек транзиттік мемлекет рөлінде қалып қоймай, өндіріс орындарын дамытып, қосылған құны жоғары өнімдерді экспортқа шығаратын орталыққа айналуы тиіс. Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы осы бағытта жалғасуы керек.

4. **Мәдени және туристік әлеуетті пайдалану** – Жібек жолының тарихи қалалары мен мәдени ескерткіштері туризмді дамыту үшін үлкен мүмкіндік береді. Қазақстанда тарихи-мәдени туризмді дамытып, осы бағыттағы инфрақұрылымды жақсарту қажет.

5. **Халықаралық ынтымақтастықты арттыру** – Жібек жолы бойындағы елдермен дипломатиялық және экономикалық байланыстарды одан әрі нығайту Қазақстанның өңірлік көшбасшылық рөлін арттыруға ықпал етеді.

6. **Тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету** – Ұлы Жібек жолы бойындағы тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін аймақтық қауіпсіздік пен саяси тұрақтылықты сақтау маңызды. Қазақстан халықаралық келісімдерге белсенді қатысуы керек.

Жалпы алғанда, Жібек жолының жаңғыруы Қазақстан үшін үлкен экономикалық және геосаяси мүмкіндіктерге жол ашады. Ел үкіметі бұл мүмкіндіктерді барынша тиімді пайдаланып, ұзақ мерзімді стратегияларды жүзеге асыруы қажет. Қазақстанның Ұлы Жібек жолының маңызды торабы ретінде қайта жаңғыруы – елдің экономикалық дамуына, халықаралық беделінің артуына және халықтың әл-ауқатының жақсаруына септігін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Чя Хундың. Жібек жолы [қытайша: 下洪登: 丝绸之路, 中国经济出版社, 2007 年 7 月, 北京] / Чя Хундың – Бейжің: Қытай экономика баспасы, 2007. – 306 б.

2. Лю Шинмин, Фан Жимин. Чаңжяң жібек мәдениеті [қытайша: 刘兴林 · 范金民: 长江丝绸文化.- 促知网] / Лю Шинмин, Фан Жимин // монография электронды нұсқасы, 2015. – www.cuzhiwang.com

3 Суң Шинжяң. Жібек жолы және Шығыс-Батыс мәдени алмасуы [қытайша: 荣新江; 丝绸之路与东西文化交流 · 豆瓣书店 · 北京豆网科技有限公司 · 2015 年 8 月 30 日] / Суң Шинжяң // Монография электронды нұсқасы, Дубан кітапханасы Бейжің ғылым-техника ЖШС, 2015.

4 Көшпенділер мәдениеті және Қытай тарихы: Түрік қағанаты [қытайша: 游牧文明与中华史 突厥汗国, 陕西人民出版社, 2019 年 9 月, 西安] / Шиан (Сиань): Қытай Шанши халық баспасы, 2019. – 217 б.

5 Көне Таңнама Яньци баяны қытайша: [қытайша: 旧唐书·焉耆传, 中华书局 · 1999 年 8 月] / Қытай кітапханасы баспасы, 1999. – 849 б.

6 Жаң Вишың. Жібек жолы және құрлықтық Еуразияның архелогиясы мен тарихы [қытайша: 张余胜: 丝绸之路-内陆欧亚考古与历史] 兰州大学出版社, 2010 年 8 月] / Жаң Вишың – Еуразиялық тарих және мәдениет кітапханасы, Ланжоу университеті баспасы, 2010. – 410 б.

7 Тарихтағы жібек жолы мәдениет алмасуы [қытайша: 历史上的丝绸之路 文化交流, 2016 年 09 月 07 日 人民日报海外版北京] // Бейжің: Қытай халық газеті шетел нұсқасы, 2016.

8 Бангу. Көне Ханнама Батыс өңір баяны 96-бума. Жаңа қытай жазуы нұсқасы [қытайша: 班固: 旧汉书 · 中信出版社 · 北京] / Бангу – Қытай СІТІС баспасы – 345 б.

9 Батысқа сапар мен зерттеудің жалғасы. Зерттеулер жинағы [қытайша: 西域考察与研究续编文集, 新疆人民出版社, 1998 年 9 月] // Шыңжаң халық баспасы, 1998 – 350 б.

10 Сыма Чян (Сыма Цянь). Тарихнама. 123 бумадан 3169 парақтан тұратын Оңтүстік Сун патшалығы дәуіріндегі алғашқы басылым, Даван мемлекеті туралы баян 63-бума [қытайша: 司马迁: 南宋大碗列传, 中华书局, 1982 年 11 月, 第二版, 3169 页] // Қытай кітапханасы баспасы, 1982. – 3169 б.

11 Чжанцицзин, Янцянру. Ханнамаға түсініктеме [қытайша: 王子今, 杨倩如: 汉书解读 中国人民大学出版社, 2016 年, 北京] / Чжанцицзин, Янцянру – Бейжің: Қытай халық университеті, 2016. – 540 б.

12 Артықбаев, Ж.О. Қазақстан тарихы: оқулық-хрестоматия [Текст] / Ж.О. Артықбаев – Астана, 2003. – 260 б.

13 Хан Рулин. Юан патшалығы тарихы [қытайша: 韩儒林: «元朝史», 中国人民大学出版社, 北京, 2008] / Хан Рулин – Бейжің: Қытай халық баспасы, 2018. – 935 б

14 Ваң жылай. Орталық азия тарихы [Текст] / Ваң жылай – Бейжің: Қытай халық баспасы, 2010. – 424 б

15 «Бір белдеу, бір жол» Қазақстан тек ғана бастаушы емес, жүзеге асырушы [қытайша: 一带一路首倡地哈萨克斯坦: 不只是起点 不止于起点. 丝绸之路世界遗产网, www.silkroads.org.cn/CN, 2018 年 09 月 14 日 00:51, 北京] / Бейжің: Жібек жолы дүние жүзінің мұрасы сайты, 2018. – www.silkroads.org.cn/CN

16 Mukhtar Kozha, Ergali Satov, Almas Bektanov, Moldir Aldabergenova, The local legend about Timur's death in Otrar and modern studies [Text] / Shimkent, Kazakhstan, Orción, Año 34, Especial No.15 (2018): 1295-1321, ISSN1012-1587/ISSNe: 2477-9385.

17 Жібек жолының тарихи алғы шарттары [қытайша: 丝绸之路史前史, 中国社会科学文摘, 2015 年, 第 2 期, 北京] / Қытай әлеуметтік ғылымдар материалдары жинағы // Бейжің: Ғылым баспасы, 2015. – 261 б

18 Жібек жолының тарихи маңызы және қазіргі құндылықтары [қытайша: 丝绸之路历史意义及现实价值, 豆丁网分享于, 2020-12-31)] / Доудин сайтында бөліскен нұсқа, 2020

19 <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-bir-beldeu-bir-zhol-halykaralyk-yntymaktastygynyn-iii-forumynyn-ashylu-rasimine-katysty-1892334>

20 Серік Негиметов. Ұлы жібек жолы және Қазақстан [Текст] / Серік Негиметов // Егемен Қазақстан газеті, 2019. – <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-bir-beldeu-bir-zhol-halykaralyk-yntymaktastygynyn-iii-forumynyn-ashylu-rasimine-katysty-1892334>

REFERENCES

1 Xia Hongdeng: The Silk Road, China Economic Publishing House, July 2007, Beijing (In Chinese)

2 Liu Xinglin, Fan Jinmin: Yangtze River Silk Culture. www.cuzhiwang.com, 2015-1-21 19:15:32 (In Chinese)

3 Rong Xinjiang; The Silk Road and the Cultural Exchange between the East and the West, Douban Bookstore, Beijing Douban Technology Co., Ltd., August 30, 2015. (In Chinese)

4 Nomadic Civilization and Chinese History: The Turkic Khanate, Shaanxi People's Publishing House, September 2019, Xi'an. (In Chinese)

5 Old Book of Tang: Biography of Yanqi, Zhonghua Book Company, August 1999. (In Chinese)

6 Zhang Yusheng: The Silk Road: Archaeology and History of Inner Eurasia, Lanzhou University Press, August 2010. (In Chinese)

7 The Silk Road in History, Cultural Exchange, September 7, 2016, People's Daily Overseas Edition, Beijing. (In Chinese)

8 Ban Gu: Old Book of Han, CITIC Press, Beijing. (In Chinese)

9 A collection of articles on investigation and research in the Western Regions, Xinjiang People's Publishing House, September 1998. (In Chinese)

10 Sima Qian: Biographies of the Southern Song Dynasty, Zhonghua Book Company, November 1982, 2nd edition, 3169 pages. (In Chinese)

11 Wang Zijin, Yang Qianru: Interpretation of Han Shu, China Renmin University Press, 2016, Beijing. (In Chinese)

12 Artykbayev Zh.O. History of Kazakhstan. - Textbook-Chresomatia, Astana 2003. - 260 p. (In Kazakh)

13 Han Rulin: "History of the Yuan Dynasty", China Renmin University Press, Beijing, 2008. (In Chinese)

14 Wang Zhilai: History of Central Asia, China People's Publishing House, 2010. (In Chinese)

15 Kazakhstan, the first place to initiate the Belt and Road Initiative: More than just a starting point. Silk Road World Heritage Network, www.silkroads.org.cn/CN, September 14, 2018 00:51, Beijing. (In Chinese)

16 Mukhtar Kozha, Ergali Satov, Almas Bektanov, Moldir Aldabergenova «The local legend about Timur's death in Otrar and modern studies». Shimkent, Kazakhstan, Opción, Año 34, Especial No.15 (2018): 1295-1321, ISSN1012-1587/ISSNe: 2477-9385. (in English).

17 Prehistory of the Silk Road, Chinese Social Sciences Abstracts, 2015, No. 2, Beijing. (In Chinese)

18 The historical significance and current value of the Silk Road, shared by Douban.com, 2020-12-31. (In Chinese)

19 <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-bir-beldeu-bir-zhol-halykaralyk-yntymaktastygynyn-iii-forumynyn-ashylu-rasimine-katysty-1892334> (In Kazakh)

20 Negimetov Serik. The Great Silk Road and Kazakhstan. – Egemen Kazakhstan newspaper. 30.01.2019. (In Kazakh)

ВЕЛИКИЙ ШЕЛКОВЫЙ ПУТЬ: РОЛЬ КАЗАХСТАНА КАК ЦИВИЛИЗАЦИОННОГО МОСТА

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается историческое становление Великого Шелкового пути, этапы его развития и его место на территории Казахстана. На основании древних китайских записей научно доказано, что Шелковый путь был не только средством развития торговых отношений, но и важным мостом для культурной и экономической интеграции западной и восточной цивилизаций. Анализируется стратегическое значение территории Казахстана на этом историческом пути, анализируется ее роль в системе международных отношений. Описано влияние гуннов, уйсинов, Тюркского каганата, Золотой Орды и других крупных государств на функционирование Великого Шелкового пути. Кроме того, в статье рассматривается роль Казахстана в возрождении Шелкового пути в рамках современных геополитических и экономических процессов. В этом контексте будет всесторонне проанализирована взаимосвязь и интеграция госпрограммы «Нурлы жол» и инициативы Китая «Один пояс, один путь». В ходе исследования системно изучались этапы становления Великого Шелкового пути с использованием историко-хронологического метода. На основе метода сравнительного анализа сопоставляются данные казахских и китайских источников, выявляются их общие черты и различия. Кроме того, метод структурно-функционального анализа применяется для изучения взаимосвязей и исторической эволюции экономических, культурных и политических аспектов Великого шелкового пути.

Ключевые слова. Гунны, Тюркский каганат, Золотая Орда, династия Юань, Великий шелковый путь, Светлый путь, «Один пояс, один путь».

THE GREAT SILK ROAD: KAZAKHSTAN'S ROLE AS A CIVILIZATIONAL BRIDGE

Abstract. The article comprehensively examines the historical formation of the Great Silk Road, the stages of its development and its place in the territory of Kazakhstan. Based on ancient Chinese records, it has been scientifically proven that the Silk Road was not only a means of developing trade relations, but also an important bridge for the cultural and economic integration of Western and Eastern civilizations. The strategic importance of the territory of Kazakhstan on this historical route is analyzed, its role in the system of international relations is analyzed. The influence of the Huns, Uysin, Turkic Khaganate, Golden Horde and other large states on the functioning of the Great Silk Road is described. In addition, the article examines the role of Kazakhstan in the revival of the Silk Road within the framework of modern geopolitical and economic processes. In this context, the relationship and integration of the Nurly Zhol state program and China's One Belt, One Road initiative will be comprehensively analyzed. During the study, the stages of the formation of the Great Silk Road were systematically studied using the historical-chronological method. Based on the comparative analysis method, data from Kazakh and Chinese sources are compared, their common features and differences are identified. In addition, the method of structural and functional analysis is used to study the interrelations and historical evolution of the economic, cultural and political aspects of the Great Silk Road.

Keywords. Huns, Turkic Khaganate, Golden Horde, Yuan Dynasty, Great Silk Road, Bright Road, "One Belt, One Road".